

Әбілқайыр Хан



[Кіші жүз](#) ханы

1718 — 1748

Ізбасары: [Нұралы хан](#)

Өмірбаяны

Діні: Ислам

Дүниеге келуі: [1 қаңтар 1693](#)
[Түркістан](#)

Қайтыс болуы: [12 тамыз 1748](#)(55 жас)

Жерленді: Хан моласы (қазіргі [Ақтөбе облысы](#))

Әкесі: Қажы сұлтан

Жұбайы: [Болай Бәтима](#)

Балалары: ұлдары: [Нұралы хан](#),
Жармұхамбет хан,
[Айшуақ хан](#)
қызы: Қарашаш

- **Әбілқайыр хан, Әбілқайыр Мұхаммед Қазы Баһадүр хан** ([1693](#) — 12 тамыз [1748](#)) — хан, қолбасшы, [1718](#)—[1748](#) жж. билік құрған [Кіші жүз](#) ханы. 1708 - 1709 жылдары башқұрттар Әбілқайырды өздеріне хан етіп сайлаған. Ол – кейін өзінің күшімен, айласымен, шабуылды ұйымдастыра білушілігімен даңқы шығып, хандыққа қол жеткізген, батырлығы мен өркөкіректігі, ақылдылығы мен билікқұмарлығы, саяхатшылығы мен бірбеткейлігі астасқан қайшылығы мол күрделі тарихи тұлға. 1720 жылы қыркүйек айында қазақ әскері мен орыс-қазақтар арасында Самара өзенінің бойында қанды шайқас болды. Тұтқынға түскен 50 қазақ жігітін өлтіріп, «ерлік жасағаны үшін» атаман Никита Бородин Ресей патшасы І Петрдің мақтау грамотасымен марапатталады.

- Әбілқайыр хан 1693 жылы Түркістан қаласында туған. Ол - Әз-Жәнібектің бесінші ұрпағы. Шыңғыс ханнан бастап тарататын болса ол хан әулетінің он сегізінші ұрпағы. Әз Жәнібектен тоғыз ұл тарайды, солардың бірі - Өсеке сұлтан одан Бөлекей ноян, одан Ырыс сұлтан, одан Хожа сұлтан, одан Абдолла сұлтан туған, Әбілқайыр осы Абдолла сұлтанның баласы. ^[1] Әскен (Әжі) ұлы Әбілқайыр хан – қазақтың Кіші жүзінің ханы, Буланты, Итішпес көлі маңындағы шайқаста қазақ қолының бас сардары, қазақ сұлтандарының кіші буыны – Үсектің ұрпағы. Болат хан өлгеннен кейінгі тақ таласында Сәмекенің (Шахмұхаммедтің) «Әбілқайырдың атасына хандық әуелден бұйырмаған. Жеті атасынан хан болып келе жатқан менің тұқымым, хан тағының заңды иесі менмін» деуі де оның осы кіші буыннан екенін меңзейді.

- 1710 жылы Қарақұмдағы халық жиынында жас Әбілқайыр Кіші жүз әскерінің қолбасшысы және хан болып сайланды, ал түмен басы болып атақты кіші жүз батыры қарт Бөгенбай батыр (Қанжығалы Бөгенбай емес) тағайындалды.
- 18 ғасыр қазақ халқы үшін ел басына күн туған кезең болды, жоңғарлар тарапынан болатын шабуылдар халықты көп күйзеліске ұшыратты. Әбілқайыр бұл сұрапыл соғыста жанкештілік танытты. Ол бабаларының иелігінде болған Сайрам, Түркістан және Ташкент қалаларын қорғау жолында ерен ерлігімен көзге түсті. Бұл қалалар жоңғарлардың қоршауында қалған кезде, тең емес ұрыста анасы мен әйелі тұтқынға түскен соң, Әбілқайыр хан шегінуге мәжбүр болды. 1718 жылы Аякөзде Әбілқайыр мен Қайып 30 мыңдық әскері жоңғарлармен қанды шайқас жүргізді. Бірақ осы шайқаста Әбілқайыр мен Қайыптың алауыздығы кесірінен қазақ қолы жеңіліске ұшырайды.

- Ол 1723 жылға дейін Түркістан қаласында тұрып, одан жоңғар басқыншылары қуып шыққан соң, Бұқар мен Хиуа хандықтарының шекарасындағы өзіне қарайтын тайпалардың арасына кетеді.
- Әбілқайыр жастайынан батылдығымен танылып, дарынды әскербасы және білгір қолбасшы болды. [1726](#) жылы үш жүздің қазақтары бас қосқан құрылтайда билер мен батырлар бірауыздан Әбілқайырды [Қазақ хандығы](#) әскерінің бас қолбасшысы етіп сайлады. Ал, Әбілқайырдың хандық дәрежеге қалай жеткендігін [1736](#) жылы оның Ордасына келген ағылшын суретшісі [Джон Кэстль](#) былайша түйіндейді: *Ол зор тұлғалы, сымбатты, аппақ жүзі қызыл шырайлы, түсі сондай жылы кісі, сонымен қатар зор денсаулық пен қайрат-күш иесі, садақ тартуға келгенде шынымен-ақ бүкіл ұлтта оған тең келетін кісі жоқ. Хан болмай тұрып, ол сұлтан ғана болатын, оның барлық балалары да осы лауазымды алып жүр. Жоңғар қалмақтарымен болған соғыста олардың басшысы қонтайшыны өз қолымен тұтқынға алғаннан кейін... Кіші орда оны хан сайлады.*

- Жағдайға қанық Әбілқайыр жаңа шабуыл бастады. [1730](#) жылы көктемде [Балқаштың](#) оңтүстік шығысындағы [Итішпес](#) елді мекенінде Әбілқайыр бастаған қазақ әскері жауларды тағы талқандады. [Жоңғарларға](#) қарсы жүз жылдық соғыста қазақ халқы өзгерісті кезеңге аяқ басты, жеңіске бір табан жақындағандай болды. ^[2]

- Алайда дәл осы кезеңде Болат хан қаза табады. Сондықтан да басқа ханды тағайындау төңірегінде сауал туындайды. Тәуке ханның кезінде билікке ие болған билер таққа лайықты Әбілқайыр хан мен Сәмеке хандардың біреуін сайласа биліктен айырылып қаламыз деп сескеніп, Болат ханның жас ұлы Әбілмәмбет ханды сайлайды. Болат хан өлгеннен кейін «қазақтың бас ханы болу жолы менікі» деп сеніммен жүрген қазақ әскерлерінің басты тіректері Әбілқайыр хан мен Сәмеке хан әскерлерін ертіп, өз ордаларына кетіп қалады

- Осыдан соң біріктірілген қазақ халқының жасақтары ыдырай бастады да, Жоңғар әскерінің 1 бөлігі аман қалады. Жоңғарлардың әлі де болса қауіп төндіріп тұрғанына көзі жеткен Әбілқайыр хан өзіне одақтас іздей бастайды. Сөйтіп, ол Ресей империясына елші жіберіп, одақтас болуды ұсынады. Оның көздегені орыстардың қолдауымен қазақ жүздерінің басын қосып, сыртқы жаулары Еділ қалмақтары, башқұрттар және жоңғарларға қарсы тұру болды. Бірақ, Ресей оның бұл ұсынысын қабылдамай, тек протектораттыққа келісетінін жеткізеді. Әбілқайыр хан бұған келімін беруге мәжбүр болады. 1731 жылы күзде Тевкелев бастаған орыс елшілері Әбілқайыр және Кіші жүз бен Орта жүздің бір бөлігінің старшындарынан ант қабылдайды. Ресейдің құйтырқы саясатын кеш сезген Әбілқайыр оларға қарсы бірнеше рет қарсы шығады. Бірақ, бұл әрекеттері нәтиже бермегендіктен қайтара бодандық антын береді(1738, 1742, 1748).

- 1748 жылы Орынбордан шағын жасағымен қайтып келе жатқан жолда қарсыластарының бірі Барақ сұлтанның құрған қақпанына ұрынып қалады. Барақ сұлтан жоңғар шапқыншылығы кезінде зор беделге ие болған тұлға. Әбілқайырдың Ресейдің қолдауы арқылы күшейіп кетуінен сескеніп, оған қарсы шыққан. Әбілқайырдың 50 шақты адамымен келе жатқанын естіген ол, мүмкіндікті пайдаланып қалуды ойлап, тұзақ құрады. Осы шайқаста қарсыластарының күші басым екенін көріп тұрған ханның күзетшілері оған қашуды ұсынады. Бірақ, Әбілқайыр хан бұдан бас тартып, осы шайқаста қаза табады.